важность жизни	Его жизнь вносит целостность в семью, ребенок встречает новых людей, знакомит с ними, вносит новое знание, помогает своей семье

Дискуссия

В сыне Камале, главном герое рассказа «Пуруша» есть непреодолимость, потому что он в малом возрасте, в восемь лет отправился в путешествие и попал в горах под оползень, но не погиб. Его не одолел незнакомец в пути, Камал сам унес его на своем коне Гите.

В нем есть заброшенность. Камалу недавно исполнилось восемь лет и мать уже, не жалея его, дала ему трудное задание довезти тяжелый тюк шерсти в другую деревню. Это была дальняя дорога, в которой ему никто не помогал, кроме лошади Гиты. Ребенок получил задание на инициацию, с которым он справился самостоятельно.

В Камале отражена детская наивность. Он верит рассказам отца и деда. Для него Пуруша есть создатель сущего. Мальчик верит, что он где-то спит и даже заподозрил, что Пурушей является незнакомец, которого он встретил в пути. Для наивного сознания ребенка Пуруша - воин, который «вообразил землю, широкую-широкую, потом покрыл ее горами, протянул реки, налил в ямы озера, и все места, где земли не хватило, залил водой. Потом он

представил себе могучие деревья и нежные цветы, выпустил на волю тигров, слонов, носорогов, косуль...»

В Камале выражен гермафродизм. В нем заключены мужские и женские черты. Ребенок заботится о воине, которого встретил в пути, пытается усадить его на лошади поудобнее, дома просит отца везти его в больницу. Однако Камал очень мужественный герой. Он один преодолел долгий путь через горы в другую деревню, помог взрослому мужчине ожить, будучи восьмилетним ребенком.

Камал подвергнут опасностям, как и все дети. Факт, что Камал попал в оползень и встретил незнакомого мужчину в пути, подтверждает это.

В герое рассказа «Пуруша» ярко выражена детская любознательность. Он просит отца Асмета рассказывать ему легенды перед сном, хочет знать все о мире. Мальчик не прошел мимо незнакомца, которого он случайно встретил в пути, потому что он хотел знать все: кто это лежит, Пуруша он или нет. Он взял его домой, чтобы вернуть его к жизни и узнать потом от него еще больше о мире.

В «Пурушином» герое отражены начало жизни и важность ее. Ребенок только стал лучше понимать мир. Его школьный возраст только начинается, он узнает от своих окружающих о жизни, не упускает мельчайших деталей. Бытие его в жизни важно, потому что ребенок вносит гармонию в семью, он помогает и добывает новое знание о мире для своих окружающих.

Заключение

В рассказе «Пуруша» говорится о ребенке, который в восемь лет прошел свой путь инициации. В нем выражены основные черты архетипа ребенка: непреодолимость, заброшенность, гермафродизм, важность начала жизни, детская наивность и любознательность, подверженность опасностям.

По материалу данной статьи можно составить лекции для элективного курса по литературоведению. Художественные произведения Ильи Одегова имеют теоретическую значимость как культурные тексты. Рукописи современных русских казахстанских писателей являются достоянием русской литературы Казахстана. Чтение работ художественной литературы является хорошим инструментом для развития критического мышления, воображения и эмоционального восприятия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Юнг К.Г. Божественный ребенок: Аналитическая психология и воспитание : сб. М. : Олимп, ИАСТ-ЛТД, 1997. 440 с.
2 Лосев А.Ф. Миф – Число – Сущность / сост. А.А. Тахо-Годи, И.И. Маханькова. М. : Мысль, 1994. - 919 с.
3 Фурс В. Н. Архетип // Всемирная энциклопедия: Философия XXвек / гл. науч. ред. и сост. А. А. Грицанов. М.: АСТ; Минск: Харвест: Современный литератор, 2002. С. 50–51.
4 Юнг К. Г. Божественный ребенок: Аналитическая психология и воспитание: сб. М.: Олимп: ООО «Изд-во АСТ- ЛТД», 1997. 400 с.
5 Кун Н. А. Легенды и мифы Древней Греции.- Москва: Издательство АСТ, 2018. - 320с.
6 Гуси-лебеди. Сборник русских народных сказок. - Москва: Издательство Эксмодетство, 2023. - 112с.
7 Маша и медведь. Русские народные сказки. - Москва: Издательство Самовар, 2018. - 96с.
8 Сестрица Аленушка и братец Иванушка. Русская народная сказка. - Москва: Издательство Бумба, 2024. - 24с.
9 Баба-Яга. Русская народная сказка. - Санкт-Петербург: Издательство Махаон, 2022. - 16с.
10 Пуруша. - https://adebiportal.kz/ru/news/view/purusa__19295 (Дата обращения: 26.09.2024)
Илья Одегов. Пуруша. Рассказ. Дружба народов. №3, 2012

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 5 ISSUE 10, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК: 82-95:821.512.122

ЭПОСТАРДАҒЫ ЗООМОРФТЫҚ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ГЕНЕЗИСІ

Жумагелдин Жанайдар Шаймерденұлы, Шаймерденова Шынар Бақтиярқызы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, аға оқытушы,
Ғабиден Мұстафин атындағы ЖББМ, ағылшын пәні мұғалімі,
Қарағанды, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.14250951

Аннотация: Мақалада қазақ эпостарындағы зооморфтық бейне - ат образы туралы сөз болады. Эпостардағы ат образының зерттелу деңгейі, мифтермен байланысы, жасалу ерекшеліктері туралы жан-жақты талдаулар жасалынады, ғалымдардың пікірлері негізге алына отырып, ғылыми стилде талданады. Мақалада қазақ эпостарында образ жасаудың тәсілі: зооморфизм арқылы суреттеліп отырған образдың көз алдымызға оңай және тез елестеуіне, бейнені тез тануымызға мүмкіндік берілетіндігі көркем шығармадан алынған мысалдармен дәлелденеді.

Кілт сөздер: зооморфизм, әдебиеттану, ат, мәдениет, мифология, фольклор, эпос, әдебиет.

Қазақ халқының бай эпикалық мұрасы осы кезге дейін көптеген айтулы ғалымдардың зерттеу объектісі болып, эпостың сан қырлы мәселелері олардың зерттеу еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Эпос сынды игілікті халық мұрасын жан-жақты зерттеу, ғылыми тұрғыдан саралап, тереңдігі мен бай мазмұнын ашу ісіне Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедов еңбектері бұлақ-бастау болғаны белгілі. Қазақ эпосының теориялық және практикалық мәселелерінің зерттелуіне М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә.Марғұлан, Е.Ысмаилов, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Н.Смирнова, Р.Бердібай, Т.Сыдықов, О.Нұрмағамбетова, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев, Б.Рахимов, К.Матыжанов, Б.Абылқасымов, Б.Әзібаева, Т.Қоңыратбаев, Ш.Керім, Н.Төреқұлов, А.Сейдімбек, С.Садырбаев т.б. сияқты еліміздің аса талантты ғалымдары, қаламгерлері орасан зор үлес қосты. Осы аталған ғалымдардың еңбектерінде жылқыға қатысты да зерттеу мақалалар, пікірлер, ой-түйіндер баршылық.

Жылқы малы қазақ халқының өмірінде ерекше орын алады. Көшпелі шаруашылық тұрғысынан алғанда, жылқы ет, сүт беріп, халықтың көшіп-қону көлігі болды. Ал елдік, мемлекеттік тұрғысынан алғанда қазақ ұлтының да, ата-бабаларымыз – түркілердің де мемлекеттілігі, этникалық-ұлттық бірігуі көліктің осы түріне тікелей байланысты болған. Өте кең аумақтағы әрқилы көшпелі тайпалардың бірігуі, мемлекет құруы, сыртқы жаумен күресуі аттың арқасында ғана жүзеге асқан. «Әкем-қаған мұнша... халықты... қырық жеті рет жорыққа аттанды. Жиырма соғыс жасады. Тәңірі жарылқағаны үшін елдікті елсіретпей, ел етті. Қағандықты қағансыратпай, қаганат құрды. Жауын бейбіт етті» деген жазу бар Білге қаған ескерткішінде [1, 145]. Осы елді біріктіруге, қорғауға бағытталған соғыстардың бәрі аттың көмегімен жүргізілді.

Жалпы, фольклор, эпос мәселелерімен айналысқан қазақ ғалымдарының көбі дерлік бірер ауыз сөзбен болса да, батырлар мінген тұлпарлар туралы сөз қозғап, пікір айтқан.

Мәселен, Р.Бердібай: «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың шабысын бейнелейтін тұс көңілімізді елең еткізіп, қаһармандық, еркіндіктің стихиясына қанықтырғандай болады, сұлулық, асқақтық, өршілдік ұғымдарына еріксіз ұшырастырады, мәрттіктің мәңгі үлгісіндей тұтастығымен және кесектігімен таң қалдырады» деп жазады [2, 53]. М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықовтың «Қазақ халқының батырлық жыры» атты еңбегінен «Кейіннен Құртқа секілді данадан тәрбие алып өскен Тайбурыл Қобыландыға жауынгер жолдас болады. Батырмен бірге ел қорғауға шығады, халық қиялы Қобыланды мен Тайбурылды бір-бірін түсініскен жолдастай, аға мен інідей сипаттайды» деген жолдарды оқимыз [3, 245]. С.Садырбаев қырғыздың «Манас» эпосымен «Қобыланды батыр» эпосын салыстыра келіп: «Екі шығармада - «Манас» пен «Қобыландыда» да Тайбурыл тұлпардың бапталуы мен күтімі бір-біріне өте ұқсас. Сонымен қатар Тайбурыл – екі ел эпосына да ортақ тұлпар. «Маназта» Манас пен Семетейге қызмет етсе, «Қобыландыда» Қобыландыға қызмет етеді» деген пікір айтады [4, 51]. Әйтсе де мұндай пікірлерде, негізінен, тұлпардың батырдың сенімді серігі екендігі баяндалып, мәселе қоғамдық, эстетикалық-этикалық, моральдық тұрғыдан қарастырылады. Демек, ат образының жанрлар бойынша түрленуі, генезисі, морфологиясы, оны сомдаудың көркемдік құралдары т.б. мәселелері тереңдеп қарастырылып, тарихи-диахрондық, құрылымдық-синхрондық тұрғыдан зерттелмейді. Мұндай болуының себебі түсінікті де: ол ғалымдар өз алдарына кең ауқымдағы эпостық материалды саралап-талдау арқылы қазақ эпосындағы ат образын ғылыми тұрғыдан зерттеп, зерделеуді тікелей мақсат етіп қойған жоқ.

Эпостың әрбір жанры ат образын жасауда өз көркемдік құралдарын, дәстүрлі бейнелеу үлгілерін қалыптастырады. Айталық, синкреттік, мифтік-ертегілік шығармалардан енді ғана еншісін бөліп ала бастаған архаикалық эпоста аттар қиял-ғажайып қасиеттерге ие бейнелердің қатарында, әрқилы ерекше қабілеттері, магиялық күш-қуаты, құдіреті бар жан иесі түрінде сипатталады. Ал, халықтық, этникалық ұғым-түсініктерді бойына молынан жинақтаған қаһармандық эпостарда аттар өздерінің архаикалық эпостан қалған ерекше қабілеттерінің кейбірін сақтап қалуымен қатар, үлкен ақыл-естің, адалдық, сенімділік сияқты моральдық қасиеттердің иесі болған аса қадірлі жануарлар, орасан зор эпикалық тұлғалар дәрежесіне көтеріледі. Эпостың басқа жанрларының да ат образын сомдауда өзіндік ерекшеліктері, тілдік-көркемдік құралдары, дәстүрлері бар.

Қазақ эпосындағы ат образының генезисін тарихи-диахрондық тұрғыдан қарастырған кезде аттың шын мәнінде жеке бейне емес, бас кейіпкермен біртұтас бір бейне екендігін, оның бас қаһарманнан сиқырлы көмекші түрінде бөлініп шыққандығын, сонымен бірге фольклордағы, соның ішінде қиял-ғажайып ертегі мен эпостағы ат бейнесінің бірден қалыптаспағанын, оның алдымен екі дүние арасындағы тасымалдаушылар - құс, от, жылан түрінде болып, соңынан атқа айналғанын байқаймыз. Эпостағы аттың бейнесін талдап-зерделеу үшін алдымен эпостың өзі қалай пайда болды, оған қандай қоғамдық құбылыстар негіз болды деген мәселерді қысқа да болса қарастырып өту керек. Қазіргі фольклортану ғылымында эпос көне тайпалық, шамандық мифтерден және қиял-ғажайып ертегіден шыққан деген көзқарас мойындалған, дәлелденген деуге болады. Ежелгі дәуірлерде бұл үш (миф, ертегі, эпос) жанр да бір-біріне өте жақын, барынша ұқсас, синкретті жанрлар болған. Ертегі мен эпостың мифтерден және бір-бірінен енші бөлісіп, ажырай бастауы едәуір ұзақ уақытқа созылған. Қазірдің өзінде қазақтың «Ер Төстік», «Желкілдек» сияқты эпостарын бір зерттеушілер ертегіге, келесі зерттеушілер эпосқа жатқызып жүр. Бұл тұрғыдан Ш.Ыбыраевтың: «Асылында, фольклордың жанрлық құрамына қарай бірде «көне эпос», бірде «батырлық ертегі» аталып жүрген шығармалардың табиғатында оларды эпос ретінде де, ертегі ретінде де қарауға болатын екіжақтамалық сипат бар» деген пікірі орынды [5, 62].

Сонымен, ертегі мен эпостың туындау бастауы бір, ол - тайпалық, шамандық мифтер. Көне эпостық материалды талдаған кездері оның қалыптасуына инициация циклі мен өлім туралы түсініктер циклі, басқа да аңшылық, егіншілік, бақсылық-шамандық, маусымдық т.б. толып жатқан салт-жоралғылардың, магиялық әрекеттердің негіз болғандығын көреміз.

Қазақ эпосының пайда болуына, әсіресе, инициация процесі мен шамандық мифтер үлкен әсерін тигізген. Бірқатар зерттеушілер көшпелі халықтардың инициация салтының атпен, соның ішінде атты үйрету, бас білдіру әрекетімен өзара байланыстылығын атап көрсетеді. «Батырға «өзіне арналған» атты бас білдіруіне қарап есім берілетіні кездейсоқтық емес. Бұл жасөспірімнің жауынгер ретінде пісіп-жетілгенін дәлелдейтін инициацияның өзіндік бір түрі. Эпоста көбіне атқа бас білдіруден соң батырға есім беру салтанаты болады» деп жазады Р.С.Липец [6, 203]. Қазақ халқында да өткен дәуірлерде батырға, оның атына есім беру рәсімі инициация салтының бір бөлігі болған деп болжамдауға негіз бар және бұл рәсім фольклорда кең көрініс тапқан (Керқұла атты Кендебай, Қара қасқа атты Қамбар бек) [7, 10]. «Желкілдек» эпосында Өзтемір деген кісі: «Жеті жасар Желкілдек болсын» деп батырға ат қояды [8, 104]. Г.Н.Потанин: «Моңғол және шығыс түркі ертегілерінде батырдың жасөсіпірім шағынан ересек жасқа өтуі атап өтілетін салт жиі баяндалады. Бұл жағдайда батырға жаңа есім беріледі», - деп жазады [9, 28]. С.А.Плетнева «оғыздарда 15 жастағы жасөсіпірім өзіне есім және мінетін ат алып, ересек жауынгер деп есептелетінін» атап өтеді. Оның айтуына қарағанда бұл салт қоғамдық дамудың белгілі бір сатысында әлемнің барлық халықтарында болатын инициация салтының қалдығы болып табылады екен. «Көшпелі халықтардың көптеген ертектері қаһарманның әкесінен өзіне есім беруді, қару-жарақ пен мінетін ат беруді сұраған жауапты сәтінен басталады», - деп жазады С.А.Плетнева. Сондай-ақ ол ежелгі түркілердің қойымшылықтарындағы қаруымен және атымен бірге жерленген балалардың табылуын да осы ғұрыппен байланыстырады [10, 78].

Т.Ә.Қоңыратбай түркі-моңғол халықтарының тұрмыс-тірлігінде толып жатқан ұқсастықтардың бар екенін ескерте келіп: «Бірақ бұл екі тайпаның тілі де, діні де бөлек. Моңғолдардың табынатыны - пұт, түркі тайпаларының сыйынатыны - Көк тәңірі: бірі - буддизм, бірі - шаманизм» деп жазады [11, 81].

Бұл дәйексөзден қазақ халқының бүкіл дүниетанымдық жүйесі және оның бір үлкен құрамдас бөлігі болған эпос жанрының қалыптасу процесінде шаманизмнің зор рөл атқарғанын байқауға болады.

Шаманизм - адамзаттың тіршілік етуінің басты көзі аңшылық, балық аулау, жеуге жарайтын жеміс-жидек т.б. жинаушылық болған кездері қалыптасқан діни сенім-наным. Шамандық түсініктер бойынша тірілер мен өлілер әлемі бір-біріне қарсы қойылған, о дүниеде құдіретті күшке ие құдайлар, жын-перілер өмір сүреді және сол дүниеге барып қайтқан жан магиялық құдіретті күш алып қайтады деп есептелген. Және де өлілер әлемі қорқынышты, суық әлем емес, керісінше, жетілген, молшылықты, бақуатты түрде суреттеледі.

Сондай-ақ, адам қайтыс болған соң аруаққа айналып, құдіретті күшке ие болып кетеді деген ұғым болған. Сондай-ақ, жай адамның өзі өлілер патшалығына барған соң өзіне магиялық қасиеттер, құдіретті күш алады деп есептелген. Қазақ халқының аруақтарға сену, соларға табыну, олардан көмек сұрау салттарының астарында осындай түсініктер жатыр деп болжамдауға болады. Қазақ эпостарындағы аруаққа, ата-бабаларға, пірлер мен әулиелерге сиыну, солардан медет сұрау, солардың құдіретінің арқасында жауды жеңу мотивтері біздің халқымыздың арасында бір замандарда кең өріс алған шамандықтың қалдығы.

Шамандар бақсылық құрған кездері үстеріне арнаулы киім киіп, қолдарына даңғыра, тоқпақ ұстап шыққан. Көбіне, даңғыраның бетіне ғарыштың әлемдерінің суреттерін салатын болған. Бір қызығы, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтарда (якуттар, тувалар) даңғыра - басқа әлемдерге апаратын сиқырлы ат, ал тоқпақ - қамшы деп есептелген.

В.Я. Пропп шамандық мифті, шаманның басқа әлемге инициациялық саяхатын суреттеуді, оның стихияның иесіне - бүкіл дүниенің бастапқы анасына үйленуі туралы хикаяны эпостың көзі, негізгі бастауы деп есептеген [12, 299-301]. «Сюжеті жағынан шамандық миф қиял-ғажайып ертегіні еске салады: мұнда да екі әлем (адамдар әлемі және басқа - рухтар мен стихияның қожайындары әлемі) туралы түсінік бар, қаһарман өзіне жар іздеп (ұрланып кеткен өз әйелін немесе аспандық қалыңдықты) жол жүреді, жолда өзіне пері-көмекшілер табады, басқа әлемнің өзіне жау тұрғындарымен күреседі» деп жазады А.Л. Баркова [13]. Қазақ эпостарын, әсіресе, олардың көне нұсқаларын талдай келе олардың негізінде шамандық мифтердің жатқанын байқауға болады.

Түркі халықтарына жататын алтайлықтардың шамандық туралы түсініктерінде шамандардың өзге әлемге саяхаты, жындардың оларға беретін көмегі көрініс тапқан. Түптеп келгенде, көне эпостардағы ат бейнесі мен шамандардың жындары арасында генетикалық байланыс, түбірлестік бар, яғни екеуі де шаманның тасымалдаушы көлігі, әрі қорғаушысы қызметтерін атқарады.

Шамандар басқа дүниеге құстың не жыланның көмегімен сапар шегеді деген ұғым болған. Тасымалдаушылар (құстар, жыландар т.б.) шаманға жол көрсеткен. Л.Я.Штернберг бүркіт туралы «Ол бақсы ойыны (камланья) кезінде шаманның аспанға және жер асты әлеміне сапарларында серіктес болады. Шаманды жолда кездесетін бақытсыздықтардан қорғап жүреді», - деп жазады [5, 121]. В.Я.Пропп: «Құс пен шаманның арасында тығыз байланыс бар. Байкал сыртындағы тұңғүс шамандарында ақ басты бүркіт - шаманның сақтаушысы және желеп-жебеушісі. Бүркіттің (темірден жасалған) бейнесі шаманның тәжіне, мүйіздерінің ортасындағы доғаға орнатылады», - дейді [12, 169]. Бір сөзбен айтқанда, құс шаманның серігі әрі жебеуші-қолдаушысы.

Эпостар («Алпамыс», «Қобыланды», «Көрұғлы» т.б) өте ерте заманнан келе жатқан көпнұсқалы көне эпостар, соған сәйкес оларды архаикалық эпостан шыққан деп, ал осы эпостардағы батырлар образы архаикалық-мифологиялық сананың түсініктері бойынша о дүниеге (құспен не атпен) сапар шегетін құдіретті шамандардан бастау алған деп жорамалдауға толық негіз бар. «Қобыландының» Мұрын жырау жырлаған нұсқасында:

Көк бұлттың астында
Ақ бұлттың үстінде,
Құбылып ойнап келеді. [14, 37]

- деген жыр тармақтарының аспанмен ұшып келе жатқан аттың бейнесі екені анық.

Ат бейнесі қазақ эпосының көне архаикалық эпостан бастап басқа жанрларындағы (қаһармандық, тарихи жырлар, ғашықтық дастан, дастандық эпостар) эпостарда да кездеседі. Қазақ эпосының осы аталған жанрларының ішіндегі саны жағынан ең көбі, халықтық, тарихи, көркемдік тұрғыдан ең маңыздысы да қаһармандық эпос, «себебі батырлық жырлар қазақ эпосының ең салмақты бөлігін құрайды» [2, 20]. Қаһармандық эпос бір жағынан көне эпостан мүлде өзгеше іргетастық ұстанымдарымен, жаңа поэтикасымен ерекшеленіп тұрады, екінші жағынан, оның жалғасы болғандықтан онымен өте тығыз генетикалық байланыста болады. Эпостың бұл жанрында ел мен жерді жаудан қорғау басты тақырыпқа айналады. «Ең жаңа зерттеулердің дәлелдеп отырғанындай классикалық типтегі қаһармандық эпос архаикалық эпиканың дәстүрлерін өзгерту, өңдеу және дамыту жолымен өмірге келеді, көне эпос қаһармандық эпоста өзінің көптеген қалдықтарын қалдырады», - деп жазады Б.Н. Путилов [15, 164].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Классикалық қаһармандық эпоста тұлпар образын сомдауда архаикалық мотивтер мен реалистік суреттеулер қатар қолданылады. Соңғы дәуір жыршыларының архаикалық мотивтерді жырдан алып тастамауының төмендегідей себептері бар деп есептейміз:

 жырда батырдың да, оның атының да образдары өте ұлғайтылып, гиперболалық құралдармен, асқан әсіреулеушілік эпитеттермен, метафоралармен берілген. Осының өзі қиял-ғажайыптық, соның ішінде архаикалық-мифологиялық мотивтердің болуын қажет етеді;

 мұндай архаикалық мотивтер эпостың тілімен үйлесімді қабысып, көркемдік кеңістігін ұлғайтып, құпиялылық дарытып, тұтастай алғанда шығарманы кемелдендіріп тұр.

Шынында да эпосты арнайы, үңіле зерттемеген адам, ондағы қисынға келе бермейтін архаикалық мотивтерді байқамас та еді. Бір сөзбен айтқанда, архаикалық бояулар эпосты көріктендіріп, ерекше мән дарытып тұр.

Хикаялық дастандарда ат бейнесін суреттеуге көңіл бөлінбейді, тек «атқа мінді, түсті, шапты» т.б. сол сияқты бірер сөз тіркестеріне қарап кейіпкерлердің атқа мініп жүргенін білеміз.

Ғашықтық дастандарды сөз ететін болсақ, олардың шығыс желісімен жырланған үлгілерінде ат көбіне бас кейіпкерді сырттан көріп ғашық болған жарына жеткізуші құрал ретінде көрінеді, сондай-ақ оның үстіне зерттеуші көрсеткендей кейіпкер көптеген жағдайда алыс сапарға атқа мініп емес, көбіне кемеге отырып шығады. Басқаша айтқанда бұл шығармаларда қазақтың қаһармандық эпостарындағыдай үлкен сүйіспеншілікпен, жан-жақты суреттелген ат бейнесі кездеспейді. «Аймақтық фольклорлық сюжетке негізделген және өмірде болған оқиға ізімен жырланған дастандарда» қос ғашық қашып шыққанда олардың бірінші көмекшісі рөлін атқаратын ат болады. Бірақ олар реалистік мәнерде сипатталады, дәлірек айтқанда аттардың түсі мен түрі ғана сөз болады.

Ал діни дастандарда жағдай басқаша, себебі олардың қатарында мұсылман батырларының исламды тарату мен орнықтыру жолында көрсеткен ерліктерін, пұтқа табынушылармен күрестерін кең көлемде баяндайтын шығармалар аз емес. Әрине мұнда көне батырлық, классикалық батырлық жырларға тән тұлпар бейнесі жоқ. Мысалы алғашқы төрт әділетті халифаның бірі, Мұхаммет (с.а.с.) пайғамбарымыздың күйеу баласы - Әли ибн Әбу Тәлиб ерліктері баяндалғанда оның атақты аты Дүлдүлінің сипаты қысқа қайырылады, мысалы «Қисса Шаһизинда» дастанында былай делінеді:

Алты айшылық жол екен екі арасы,
Дүлдүлмен алты күнде жетіп барды [14, 131-132]

Демек, Дүлдүл архаикалық эпостарда бейнеленетін тұлпарлардың көптеген қасиеттерінен айрылса да, жүйріктігін, жылдамдылығын сақтап қалған. Ал өте көркем және көпшілікке кең тараған «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны» атты дастанда Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарымызды Алла тағалының көктегі мекені - дәргаһына апаратын қанатты тұлпар Пырақ былайша сипатталады:

Ерні қызыл гауһардан,
Нұрдан біткен иегі,
Сом алтыннан сүйегі.
Жауһардан біткен аяғы,
Алтыннан біткен тұяғы…
Аттан еді зорырақ,
Әр нәрсесі молырақ.
Түйеден еді аласа,
Өне бойы тамаша. [14, 137]

Мұнда көріп отырғанымыздай, ең бірінші кезекте тұлпардың сыртқы түр-пішіні сөз болады. Демек соңғы ғасырлардың туындысы «Көрұғлы» дастанындағы ат бейнесін жасауға мифтік, классикалық батырлық эпосқа, хикаялық дастанға тән сарындар пайдаланылған.

Қорыта келе айтарымыз, эпостағы ат бейнесі өте күрделі, көп қаптарлы образдардың бірі. Эпостың ең кемелденіп, жетіліскен үлгілеріне жататын классикалық қаһармандық эпостағы ат бейнесін қарастыра отырып, одан ең көне заманнан қалған архаикалық-мифологиялық мотивтерді де, ақыл-қисынға сыймайтындай әсірелеушілік гиперболаларды да, соңғы жаңа дәуірлерде қосылған реалистік тұрпаттағы көркемдік-стилистикалық сипаттауларды да, фольклордың басқа жанрлары (әсіресе, ертегі жанры) берген қиял-ғажайыптық немесе тұрмыстық-салттық қосындыларды да, көшпелі елдің өмірінен алынған элементтерді де т.б. көрер едік. Осының өзі ат образының өте күрделілігін, түрлі замандардың дүниетанымдық үлгілердің қосындыларын бойына жинақтаған көп қатпарлығын айқындап тұр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сартқожаұлы Қ. Біліге қағанның ескерткіші // Жұлдыз. – 2004. – № 2. – Б. 144-153.
2. Бердібай Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.
3. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы: Ғылым, 1972. – 340 б.
4. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. (Эпосты зерттеудің кейбір мәселелері). – Алматы: Жазушы, 1976. – 152 б.
5. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақ батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
6. Липец Р. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – Москва: Наука, 1984. – 264 с.
7. Батырлар жыры. 3-том. – Алматы: Жазушы, 1987. – 304 б.
8. Ел қазынасы – ескі сөз. (В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). – Алматы: Ғылым, 1994. – 616 б.
9. Никифоров Н. Аносский сборник. Собрание сказок алтайцев с примечаниями Потанина Г. – Зап ВСОРГО, Омск, 1915, т. XXXVII.
10. Плетнева С. Печенеги, торки и половцы в южнорусских степях. – МИА, 1958, № 62.
11. Қоңыратбай Т. Эпос және этнос. Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 2000. – 268 б.
12. Пропп В. Исторические корни волшебной сказки. – Ленинград: Изд. ЛГУ, 1986. – 368 с.
13. Баркова А.Л. Четыре поколения эпических героев // http://mith.ru/alb/epic/four2.htm
14. Батырлар жыры. 5-том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
15. Путилов Б. Типология народного эпоса. – Москва: Наука, 1975. – 328 с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 5 ISSUE 10, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВИЗУАЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ В ОБУЧЕНИИ ИСТОРИИ: ГРАФИКА, КАРТЫ И ДОКУМЕНТЫ

Галиева Асем Нурсаитовна
средняя школа-гимназия №34 имени К.Абдыгулова,
учитель, магистр гуманитарных наук
Талгар, Казахстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.14250951

Аннотация: В данной статье рассматривается использование графических, картографических и документальных материалов в обучении истории. В эпоху информационных технологий визуальные компоненты становятся важным инструментом для повышения эффективности образовательного процесса. Графика, таблицы, карты и исторические документы помогают углубить понимание учебного материала, способствуют критическому восприятию информации и создают контекст для изучаемых тем. На практике анализируя преимущества использования визуальных средств на уроках, а также их влияние на восприятие исторических концепций и связь с креативными методами преподавания, применяемыми в международных экзаменах.

Основное внимание уделяется учебным программам, исследующим влияние визуальных источников на познавательную деятельность учащихся, а также практическим примерам их интеграции в учебный процесс. В результате нашего исследования будет представлено несколько рекомендуемых подходов к использованию визуальных материалов, что даст возможность педагогам максимально эффективно использовать их на уроках истории.

Ключевые слова: Графика, таблицы, карты и исторические документы, критические мышление, исторические концепций, креативные методы.

История — это наука, изучающая прошлое человечества, и ее понимание невозможно без учета контекста и деталей. Международные исследования IELTS показывают, что использование визуальных компонентов в процессе обучения способствует более глубокому пониманию предмета [1]. Визуальные материалы, такие как карты, графики и исторические документы, обеспечивают более наглядное представление информации, позволяя ученикам легче воспринимать сложные концепции. Однако важно не только использовать визуальные материалы, но и интегрировать их в учебный процесс таким образом, чтобы они способствовали критическому восприятию информации.

Современное преподавание истории требует интеграции различных источников информации для углубленного анализа исторических событий. Графики, таблицы и карты являются мощными инструментами, позволяющими ученикам не только иллюстрировать свои мысли, но и подтверждать их фактами. Основной методологический подход заключается в сравнении и анализе различных источников, чтобы выявить лучшие практические примеры и методические рекомендации.

Для эффективного использования графических элементов на уроках истории следует учитывать несколько этапов:

1. Выбор темы и соответствующих данных: Учителя должны выбирать темы, которые можно проиллюстрировать с помощью графиков, таблиц или карт.
2. Анализ источников: Основываться на достоверных исторических данных и документах.
3. Создание графических материалов: Использовать различные программы и онлайн-ресурсы для создания наглядных графиков и карт.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Педагоги давно отмечают важность визуальных материалов в обучении. Ввизуальные объекты помогают учащимся формировать умение критически оценивать информацию. В свою очередь практические уроки проведенные в школе показывают, что использование картографических источников увеличивает географическую грамотность и способствует лучшему пониманию исторического контекста событий [2].

Изучая практический опыт, можно выделить несколько подходов к использованию визуальных материалов.

Во-первых, карты исторических событий помогают учащимся не только увидеть географию событий, но и понять их причинно-следственные связи. Например, при изучении Второй мировой войны использование карты боев позволяет аналитически подойти к пониманию военных действий и их последствий.

Во-вторых, графики и таблицы статистических данных о населении, экономике или социальной структуре могут обогатить понимание изменений, происходивших в определенный исторический период. графики, показывающие рост населения или уровень промышленного производства, визуализируют изменения и помогают ученикам анализировать тенденции.

Исторические документы, такие как письма, дневники и официальные акты, служат не только первоисточником, но и инструментом для развития навыков критического мышления. Методы анализа текста позволяют ученикам углубиться в чувства и отношения людей, живших в тот период.

Художники и живопись, изображающие исторические события, также могут быть использованы как визуальные источники. Также важно отметить, что для эффективного усвоения материала необходимо создавать активное взаимодействие с учащимися — предлагать им разгадывать смыслы, ставить вопросы и обсуждать визуальные источники.

В итоге, использование графиков и карт позволяет учащимся:

1. Подтверждать свои мнения: Например, при обсуждении экономических причин революций, таблицы с данными о доходах могут убедительно поддержать аргументы о социальной несправедливости.
2. Создавать визуальные аргументы: Карты миграций или изменений границ могут иллюстрировать политические изменения и их последствия.
3. Развивать критическое мышление: Анализируя графические данные, ученики учатся ставить под сомнение общепринятые нормативы.

На практике, использование карт для изучения Наполеоновских войн демонстрирует, как география влияла на боевые действия. Создание интерактивных карт с помощью современных технологий позволяет учащимся самостоятельно анализировать зависимости между географией и историей.

Графика, таблицы и карты — это важные инструменты в арсенале преподавателя истории. Они не только делают уроки более интерактивными, но и помогают ученикам развить критическое мышление и аналитические навыки. Внедрение таких методов в учебный процесс способствует более глубокому пониманию предмета, что особенно важно в эпоху информационной перегрузки [3].

Использование графики, таблиц, карт и исторических документов на уроках истории представляет собой эффективный способ углубленного изучения прошлого. Эти материалы способствуют развитию критического мышления, навыков анализа и интерпретации данных. Интеграция визуальных материалов в образовательный процесс позволит не только сделать уроки более увлекательными, но и поможет учащимся лучше понять сложные исторические концепции.

В конечном итоге важно внедрить метод визуального обучения в учебные программы, обеспечивая тем самым глубокое понимание истории и ее значимости для современного общества.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Smith, J, Визуальная грамотность в историческом образовании:журнал образовательных медиа память и общество 15(1):1-19, март 2023
2. Johnson, R. History and Geography: The Importance of Cartographic Sources. Июль 2019 г. Тезисы ICA 1:1-1 DOI:10.5194/ica-abs-1-329-2019
3. Thompson, L, История, которая имеет значение: как учащиеся осмысливают исторические тексты, Апрель 2018 Журнал еврейского образования 84(2):161-195DOI:10.1080/15244113.2018.1449484

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 5 ISSUE 10, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

СПЕЦИФИКА РЕПРЕЗЕНТАЦИИ КОНЦЕПТУАЛЬНЫХ МЕТАФОР В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ

Алекберова Севда Сабир гызы
Баку, Азербайджан

https://doi.org/10.5281/zenodo.14250951

Аннотация: В нашей работе мы попытаемся обнаружить, какие способы репрезентации присущи для концептуальных метафор в политическом дискурсе. Содержание дискурса определяется функцией текста. Политические тексты как своеобразная форма устной речи демонстрируют широкие возможности для развертывания смысла концептуальной метафоры, обогащая ее особенностями мировой культуры, для которой нет ограничений в виде знаний национального языка, соблюдений устоявшихся традиций и норм.

Ключевые слова: теория концептуальной метафоры, концепт, метафора, политический текст.

Метафоры считаются важными средствами выполнения прагматичной, когнитивной и эстетической функцией в текстах разного жанра. Эстетическая функция прежде всего относится к художественным дискурсам. Прагматическая функция больше всего типична для медийных (особенно для рекламных) и политических дискурсов. Мы будем рассматривать употребление лингвистических метафор на основе политических (И.Алиев, В.В.Путин, Дж.Буш, Б.Обама, Х.Клинтон, Д.Трамп) дискурсов.

Фразовый способ репрезентации присущ политическому дискурсу. По мнению А.П. Чудинова, язык политики проявляется во время потитической коммуникации [2].

Приведем пример. Выступление президента Азербайджана Ильхама Алиева на пленарном заседании международного дискуссионного клуба «Валдай», которое было проведено в 2019 году, стало центром внимания и долго обсуждалось [1]. И. Алиев в ходе выступления сказал такую фразу: *«Карабах – это Азербайджан. Восклицательный знак»* [1].

Это своеобразный ответ на заявление: *«Карабах – это Армения. Точка»*, которое сделал армянский президент Н. Пашинян в августе 2019 года. В своей речи на пленарном заседании международного дискуссионного клуба «Валдай» И. Алиев использовал преобразование семантической структуры текста-источника для воссоздания контекста дискурса. В речи, которую произнес И. Алиев, было еще много важной информации, но именно эта фраза оказалась в центре внимания мировой общественности. Нам интересно это высказывание с точки зрения лингвистики. Небольшая фраза, но смысл очень значимый, как раз благодаря этой краткости. Использование географического названия *Карабах* в качестве метонимии усливает эффект принадлежности стране. Вербальное обозначение знака препинания подчеркивает лаконичность, убежденность в правоте автора высказывания. Таким образом, состоялся акт коммуникации, который требует продолжения для решения актуальных политических проблем. Присутствующие на этом событии главы других государств не принимали участие в обсуждении этой темы, но президент Российской Федерации В.В. Путин однозначно поддержал Президента Азербайджана И. Алиева [1].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Политический дискурс, который создается руководством Российской Федерации, может быть предметом большого и инетересного исследования.

В.В. Путин – успешный политик, который диломатично решает, как вопросы, касающиеся внутренней ситуации в стране, так и внешней ситуации на мировой арене. Речь В.В. Путина обладает лаконичностью, Президент России умеет четко выражать свою позицию, при этом может использовать такие выражения, которые могут изменить направление дискурса. Являясь инициатором совместных международных кампаний, Президент России выполняет роль организатора деятельности таких объединений. Речевые обороты, которые использует Президент Путин, не сложны для понимания. Предложения, которые составляют содержание речи, короткие. Тексты информативны, если это необходимо, содержат цифры и другие данные. Мимика и пантомимика, которую использует В.В. Путин, сдержаны [1].

Лингвисты отмечают общую тенденцию, которая отличает политический дискурс: когда начинается предвыборная гонка, речь и невербальные средства политика становятся более агрессивными. В этом отношении очень показательны дискурсы, которые создавали кандидаты в президенты США Хилари Клинтон и Дональд Трамп в 2015-2016 г.г. Для воздействия на избирателей Х. Клинтон часто использовала популистские методы, призывая прекратить терпеть и начать менять жизнь к лучшему. В речи на острове Рузвельта 13 июня 2015 года Х. Клинтон произнесла фразу, в которой нашли отражение две концептуальные метафоры «Labour is a Resource», «Time is a Resource» [6].

В начале этой части выступления Х. Клинтон использует метафорическое выражение *«to make ends meet»*, которое превратилось в устойчивое выражение, используемое в качестве глагольной группы. В этом предложении есть прямое сравнение «*While many of you are working multiple jobs to make ends meet, you see the top twenty-five hedge-fund managers making more than all of America's kindergarten teachers combined. And often paying a lower tax rate*». Вот это сравнение двух видов труда, которые осуществляют менеджеры и воспитатели в детских садах, а также сравнение разницы в оплате труда специально выстроенное для оказания влияния. Следующая часть высказывания: «*So, you have to wonder, When does my hard work pay off? When does my family get ahead? When?*» переключает внимание слушателей на время, которое является ценным ресурсом. Риторические вопросы подчеркивают это, усиливают значение концептуальной метафоры «Time is a Resource» [6]. Дональд Трамп в своей предвыборной речи в Геттисберге, штат Пенсильвания (22 октября 2016 года), как и в других своих выступлениях очень убедителен и выглядит выигрышно по сравнению с Х. Клинтон, за счет простоты в выстраивании синтаксических конструкций, за счет использования разговорной лексики [4]. Тем не менее, в его речи есть такие высказывания, которые тщательно продуманы, показывают пример репрезентации концептуальной метафоры «Container Object». В речи предложения выстроены таким образом, что противопоставления с Х. Клинтон позволяют прийти к выводу: *«Я воплощаю в себе то, что сегодня нужно американцам».* Расссмотрим, как это происходит. Когда Д. Трамп говорит о проблемах, он использует местоимение *«We»,* приравнивая, таким образом себя к обычным, простым американцам. Он сожалеет о том, что *We* создали таких политиков, то есть берет вместе с народом ответственность за наличие таких политиков и проблем, которые возникают из-за них. В то же время призывает не оставлять проблемы на попечение таким политикам. Следующее предложение выстроено гениально по своему воздействию. И именно так работает концептуальная метафора в политическом дискурсе, не выступая явно, а через синтаксические средства, например, как в этом предложении. «*Hillary Clinton is not opposed to me - she is opposed to change, against the entire American people, against all American voters*» [4].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

«She opposes change» (она выступает против перемен) - говорит Д. Трамп о Х. Клинтон, и тут же в этом предложении усиливает это противопоставление *«against the entire American people»* (против всего американского народа), и акцентирует внимание на тех, кто сейчас решает судьбу страны *«against all American voters»*. И смысл первых слов в фразе *«Hillary Clinton is not against me»* (Хиллари Клинтон выступает не против меня) выстраивает логическую цепочку. Значит, он, Д. Трамп и есть народ, в его персоне в абстрактной форме выражается воля народа [4].

Лингвистами, психологами, политологами активно исследуются политические дискуры, так как они являются яркими примерами жизни языка. В плане использования метафоры в политическом дискурсе интересно исследование на тему: «Я буду» против «Да, мы можем». Риторический анализ политических речей Джорджа Буша и Барака Обамы во время их выборов, с акцентом на их выбор метафоры, которое провела А. Алвес-Волд. В своей работе Алвес-Волд пыталась ответить на вопросы: *«Какие риторические приемы и какие метафоры чаще всего используют Буш и Обама? Какие образы пытаются вызвать политики, выбирая метафоры? В чем состоит смысл их намерения вызвать эти конкретные образы? Каков риторический эффект сочетания выбранных метафор?»* [3]. А. Алвес-Волд в своем исследовании предположила, что конкретные лингвистические особенности, используемые Бушем и Обамой в выступлениях, способствовали формированию убеждения того или иного претендента как правильных кандидатов на президентство США. На самом деле оба политика полагаются на знакомые исходные домены и подобные риторические устройства. Однако то, как Буш и Обама используют свои метафоры и комбинируют их с конкретными языковыми особенностями, действительно отличаются и отражают не только характерный стиль политиков, но и идеологии партий, которые они представляют. Хотя признаки одного из худших американских финансовых кризисов уже были очевидны к концу первого президентского срока кандидата от республиканцев Джорджа Буша он сумел быть переизбранным на второй срок, и можно утверждать, что победила риторика Буша, которая в значительной степени опиралась на его знаменитую «войну с террором», способствовавшей его переизбранию. Когда кандидат от демократов Барак Обама был избран в 2008 году, его риторика отличалась от его предшественника. Хотя Обама согласился с тем, что существуют угрозы, он сосредоточился на возможности преодолеть эти трудности и ему удалось убедить избирателей, что они могут вернуть путь к процветанию и восстановлению места Америки как сверхдержавы [3].

Метафора – это феномен, посредством которого мы говорим и, возможно, думаем о чем-то с точки зрения чего-то другого. Е. Семино обсуждает метафору как общее лингвистическое явление, которое отличается по своему текстовому виду, универсально по функциям, которые оно может выполнять, и является центральным для многих различных типов коммуникации, от неформального взаимодействия до политических речей [5].

Использование политиками метафор помогает решить ряд задач:

1) убедить граждан или политических оппонентов в своей правоте, в необходимости поддержки высказываемых идей – каждый политик хочет, чтобы его точка зрения была не просто услышана, метафора благодаря своим свойствам может обеспечить силу воздействия на сознание слушателей или собеседников;

2) обеспечить понимание своей позиции – метафора предлагая варианты переноса значений может помочь понять сложные политические термины;

3) создавать определенный имидж (положительный, агрессивный и т.д.) в глазах собеседников или слушателей – использование метафоры усиливает образ выступающего, который присваивает имеющиеся и создаваемые смыслы;

4) укрепить свои позиции как политика – метафора, воздействуя на сознание людей, создает определенные когнитивные связи с теми ценностями или явлениями, которые могут быть близки слушателям или собеседникам;

5) решать социальные вопросы – речь политика, в которой есть метафоры, отражающие систему ценностей слушателей, оппонентов, способна разрешать сложные конфликтые ситуации.

Метафора – неотъемлемая часть повседневного использования языка, включая художественные, политические и тексты медиа. Политические тексты несут в себе прагматический смысл: через них политические деятели убеждают в своей правоте электорат, привлекают на свою сторону избирателей, пытаются решить политические проблемы.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Наумкин, В.В. Заседание дискуссионного клуба «Валдай» [электронный ресурс] / – Сочи, 3 октября 2019.
URL: http://kremlin.ru/events/president/news/61719
2. Чудинов, А.П. Политическая лингвистика. Учебное пособие / А.П.Чудинов. – М.: Издательство Флинта, Наука, – 2006. – 254 с.
3. Alves-Wold, A. “I will” vs. “Yes, we can” A rhetorical analysis of the political speeches of George W. Bush and Barack Obama during their election periods, with emphasis on their choice of metaphor. – ENG: Master’s thesis in English Linguistics, – 2017. – 117 p.
4. Donald Trump’s 2016 Republican National Convention Speech: [Electronic resource] / ABC News. – USA, July 22, 2016.
URL:https://abcnews.go.com/Politics/full-text-donald-trumps-2016-republican-national-convention
5. Semino, E. Metaphor in Literature.The Cambridge handbook of metaphor and thought / E.Semino, G.Steen, ed. W.Raymond, Jr.Gibbs, – New York: Cambridge University Press, – 2008. – 235 p.
6. Strauss, V. Hillary Clinton: ‘You see the top 25 hedge fund managers making more than all of America’s kindergarten teachers combined’ [Electronic resource] / – USA: The Washington Post, June14, 2015.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 5 ISSUE 10, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: СЕБЕПТЕРІ МЕН ТАРАЛУ ЖОЛДАРЫНА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТЕР

Мира Мейрхановна Сапирова
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің докторанты
Кулзада Абдрахмановна Абенова
NARXOZ Университеті PhD,
Алматы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.14250951

Аннотация. Мақалада әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың кейбір аспектілері зерттелген.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы тұрғындары арасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін зерттеу ретінде жалпы халық санына 18 жастан 65 жасқа дейінгі әйел азаматтары қатысты. Зерттеу жұмыстары 300-ге жуық респондентке сауалнама жүргізілді. Олардың жынысы, жасы және тұрғылықты жері, білімі, отбасы жағдайы, тұрмыстық зорлық-зомбылық түрлері бойынша болды. Біздің ойымызша, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың таралу себептерін, салдарын зерттеу отбасылық зорлық-зомбылық және тікелей мінез-құлық үлгілерін анықтау болып табылады.

Біздің қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары отбасы мүшелері: балалары, әйелі мен күйеуі болуымен сипатталады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың таралуы мен көбеюінің негізгі себептері бірнеше факторлар бойынша анықталады: жеке, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-психологиялық болып табылады. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың таралу себептері жынысы, жасы, білім деңгейі, отбасы жағдайы және тұрғылықты жеріне де байланысты екендігі зерттеу барысында анықталды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы қоғамдық пікірді қалыптастырудың негізгі көздеріне мыналар жатады: Олардың қатарында, ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялар,интернет желісі арқылы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністерін тарату белсенді роль атқарады.

Сауалнама бойынша белгіленген тұрмыстық зорлық-зомбылық көріністеріне тап болған жағдайда қолданылатын әрекеттер және осының негізінде әлеуметтік мінез-құлық үлгілері анықталады.

